2026 жылғы 4 тоқсанға тауар биржаларынан тыс Батыс Қазақстан облысының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын қалыптастыру жөніндегі хаттама

Орал қ. 24.09.2026 жыл

Төрағалық етті: Батыс Қазақстан облысы бойынша сұйытылған мұнай газының көлемін бөлу жөніндегі комиссияның төрағасы, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары – М.Р.Мүлкәй.

Қатысқандар: комиссия мүшелері;

Отырыстың күн тәртібі: 2026 жылғы 4 тоқсанға Батыс Қазақстан облысының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газыны бөлу.

1.Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 372 бұйрығымен бекітілген Өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газын бөлу жөніндегі комиссия туралы үлгілік ереженің 4-тармағына сәйкес, Комиссияның міндеті тиісті жергілікті атқарушы органға өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газын Батыс Қазақстан облысының ішкі нарығының тұтынушылары арасында бөлу бойынша ұсынымдар беру болып табылады.

2.Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2026 жылғы 16 қыркүйектегі № -8-/6687-И хатына сәйкес сұйытылған мұнай газына қажеттілікті қамтамасыз ету үшін Батыс Қазақстан облысы үшін тауар биржаларынан тыс көлем 2026 жылдың 4 тоқсанына – 15 671 тонна көлемінде бөлінді. Оның ішінде, қазан – 5 229 тонна, қараша – 5 131 тонна, желтоқсан – 5 311 тонна.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болжаған сұйытылған мұнай газының ішкі нарығындағы тапшылықты 2026 жылғы қазанда - 13%, қараша - 15% және желтоқсан - 12% деңгейінде атап өту қажет.

3. 2026 жылдың 4 тоқсанына бөлінген көлемдерді Батыс Қазақстан облысының сұйытылған мұнай газын сатушылар арасында бөлу Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 9 қазандағы № 358 бұйрығымен бекітілген Өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс бөлінген сұйытылған мұнай газын бөлу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылды.

4. «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-1-бабының 5-тармағына және Қағидалардың 3-тармағына сәйкес тауар биржаларынан тыс жеткізу жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тізілімдеріне енгізілген тұлғалар ие болады. Заң мен Қағидалардың осы тармақтарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының субъектілері үшін сұйытылған мұнай газының

көлемін бөлу Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2026 жылғы 18 қыркүйектегі сайтында жарияланған өнеркәсіптік қауіпсіздік уәкілетті органының тізілімінде тұрған өтініш берушілер арасында жүзеге асырылды.

5. Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Алау» ЖШС, «Тәуекел» ЖШС және «Оралпетгаз» ЖШС-не қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізу және газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың бұзылуын анықтау туралы 2026 жылғы 16 қыркүйектегі №26-8.3-10/4172 хаты назарға алынсын.

Сұйытылған мұнай газын тарату жобасын қарау қорытындысы бойынша Комиссия **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы ұсынған Батыс Қазақстан облысы бойынша газ толтыру станцияларының, топтық резервуарлық қондырғылардың, газ толтыру пункттерінің және автогаз құю станцияларының иелері арасында сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлу жобасы мақұлдансын.

2. Сұйытылған мұнай газын сатушылар «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 6-тармағына сәйкес ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына газды өткізу және тұтыну туралы мәліметтерді ұсынсын;

3. Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы комиссия отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің ресми интернет-ресурсында Батыс Қазақстан облысы бойынша газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың иелері арасында сұйытылған мұнай газын бөлу есептерін қоса бере отырып, осы Хаттаманы орналастырсын, сондай-ақ оларды уәкілетті органға және сұйытылған мұнай газын өндірушілерге жолдасын.

Комиссия төрағасы: **Мұлкәй М.Р.**

Комиссия төрағасының орынбасары міндетін атқарушы: **Умралиев К.А.**

Комиссия мүшелері: **Абуева А.Э.**

Саткалиев Б.Т.

Дуйсенгалиев Ж.А.

Утешева Э.Б.

Уразов А.А.

Хатшы: **Қошпан А.Ә.**